«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

10.04.2018ж № 08-09/804

«Маңғыстау Инжиниринг» ЖШС
Ақтау қаласы, 13 шағын аудан, 33/1 үй.

Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі - Департамент) Сіздің 16.03.2018 жылғы №7618 *(веб-порталмен келіп түскен)* арызыңызға қатысты келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 14-бабына сәйкес, «Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасының» ММ (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) жаряилаған №2256213-2 санды *«Қызылтөбе селолық округін сумен жабдықтау желілерін салу жұмыстарына техникалық қадағалау қызметтері»* мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесінде Сіздің арызыңызда көрсетілген мәселелер келесідей негіздермен өз дәлелін таппады.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрығымен бектіліген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» қағидасының (бұдан әрі - Қағида)85-1 тармағында тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі делінген.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 9-бабы 3-тармағында әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады делінген.

Сонымен бірге, Қағиданың 150-тармағының 1-тармақшасында әлеуетті өнім беруші және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы - конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмейтіндігі айқындалса, конкурсқа жіберілмейді деп нақты көрсетілген.

Ұйымдастырушы тарапынан бекітілген конкурстық құжаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте әлеуетті өнім берушілерде шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті

материалдық ресурстарына ие болу бөлігінде техникалық қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асырған кезде өздерінің меншік немесе жалға алу құқығында өлшем және бақылау құраладары, нормативтік құжаттары және аккредиттелген зертханасы болуы міндетті деп көрсетілген.

Алайда, «Маңғыстау Инжиниринг» ЖШС-нің конкурстық өтінімін тексеру барысында, өлшем және бақылау құралдарына, нормативтік құжаттарына ие болу бөлігінде тиісті растаушы құжаттарын ұсынбағаны анықталды.

Сондай ақ, Қағиданының 150-тармағында әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурста сатып алу мәні болып табылатын жұмыстарды, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың 10-қосымшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстар мен қызметтердің түрлерін орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер (қызметтер көрсету кезіндегі бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтерді бермеу (әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда) конкурсқа жіберілмейді деп нақты көрсетілген.

Алайда, «Маңғыстау Инжиниринг» ЖШС құрылыс материалдарын сынау қызметтерін жүргізу үшін «TEST Standard Engineering» ЖШС –ін қосалқы мердігер ретінде тартып, конкурсттық құжаттаманың 10-қосымшасына сәйкес қосалқы мердігер туралы мәліметті бермегені анықталды.

Бұдан басқа, Департамент тарапынан камералдық бақылау жүргізу барысында бұзушылықтар анықталып Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада көзделген тәртіппен тиісті шара қабылдау үшін Ұйымдастырушыға анықталған бұзушылықтарды жою үшін хабарлама жіберілді.

Сонымен қатар, Ұйымдастырушы хабарламамен келіспен жағдайда Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылдағы 30 қарашадағы №598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 14-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне қарсылық жіберуге құқылы.

Осылайша, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12-бабына сәйкес өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Департамент басшысы **С. Қасымов**

орын. Н.Жақайұлы
тел: 8/7292/ 31-90-92